

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК

Торайғыров университета

Экономическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 1 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Экономическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ93VPY00029686

выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области экономики, управления,
финансов, бухгалтерского учета и аудита

Подписной индекс – 76133

<https://doi.org/10.48081/HXBZ3185>

Бас редакторы – главный редактор
Давиденко Л. М.
доктор PhD

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*
Шеримова Н. М., *магистр*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунязов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Толымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, ассоц. профессор, доцент;</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н.</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., ассоц. профессор, доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Омарова А. Р.	<i>технический редактор.</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

<https://doi.org/10.48081/EPVW6050>

**А. Б. Заманбекова¹, К. Б. Давлеткалиева²,
Г. Б. Молдабекова³ А. Т. Мелекова⁴, А. А. Тапалова⁵.**

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

^{2,3}Қазақ-Орыс Халықаралық университеті,
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

^{4,5}Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Орал қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2358-2413>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8439-7954>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9550-5196>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6044-8451>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2050-6573>

*e-mail: altinshash77@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Кәсіпкерлік – тұрақты азаматтық қоғамның негізі және барлық қазақстандықтардың әл-ауқаты оның дамуына байланысты. Кәсіпкерлік халықтың көпшілігінің экономикалық белсенділігін қолдап қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын құрумен және бюджетке елеулі салық түсімдерін қамтамасыз етумен маңызды әлеуметтік рөл атқарады. Қазіргі күрделі жағдайда кәсіпкерлік тұрақтандырушы рөл атқара алады, сондықтан қоғам мен мемлекет тарапынан тиісінше назар аударуға құқылы.

Әр мемлекеттің басты мақсаты – экономикалық өсуді қамтамасыз ету. Экономиканың тұрақты дамуы халық шаруашылығындағы шағын және орта кәсіпорындардың үлесіне тікелей байланысты. Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы орта таптың қалыптасуына, «салауатты» бәсекелестік ортаның пайда болуына ықпал етеді, нәтижесінде ел азаматтарының өмір сүру деңгейіне оң әсер етеді.

Авторлар Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдаудың қазіргі жағдайы мен проблемаларын талдады. Зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдауға талдау жасау. Сонымен қатар, авторлар Қазақстанда тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері мен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің даму динамикасын зерттеді.

Соңында, авторлар Қазақстандағы кәсіпкерлік субъектілерін ынталандыру мен қолдаудың негізгі бағыттарын ұсынды, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамыту параметрлері берілді.

Кілтті сөздер: кәсіпкер, экономика, мемлекеттік қолдау, кәсіпкерлік қызмет, нарық.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының қазіргі даму кезеңінде кәсіпкерлік қызмет мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, себебі ол елдің экономикалық өсуін қамтамасыз етеді.

Бүгінде мемлекеттік саясат пен коммерциялық кәсіпорындардың қызметін қолдау жиі жан-жақты және жүйелі болмайды. Сондықтан елімізде кәсіпкерлік сектордың тиімді жұмыс істеуін арттыру үшін коммерциялық кәсіпорындарға күшті мемлекеттік қолдау мен бақылау қажет.


Материалдар мен әдістері

Зерттеу әдістері экономика, менеджмент және кәсіпкерлік қызмет саласындағы отандық және халықаралық сарапшылардың еңбектеріне негізделген. Зерттеуде нормативтік тәсіл, статистикалық талдау, ситуациялық жүйелер, процестік және тарихи тәсілдер сияқты әдістер қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет ел тәуелсіздік алған сәттен бастап қарқынды дамып келеді. 1993 жылдан 2022 жылға дейін кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларының кең ауқымы іске асырылды, шағын және орта бизнесті дамытуға арналған нарықтық институттар құрылды [1].

Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі институттары 1-суретте көрсетілген.




1-сурет – Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі институттары

1-суретке сәйкес, қазіргі уақытта кәсіпкерлікті қолдаудың барлық институттары тиімді жұмыс істеп, қарқынды дамып келеді. Сонымен қатар, шетелдік ұйымдар қазақстандық кәсіпкерлікке қолдау көрсетуде, атап айтқанда [2]:

- Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі;
- «Сорос Қазақстан» қоры;
- Неміс көлөнер өндірісін қолдау және дамыту қоры.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» жүзеге асырылуда. Жоба 2021–2025 жылдарға арналған. Бұл ұлттық жоба іске асырудың тиісті тетіктерін қамтитын төрт стратегиялық мақсатты көздейді [3].

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаның мазмұндық бөлімі 2-суретте көрсетілген.



2 – сурет «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаның»
2025 жылға дейінгі құрамдас элементтері

2-суреттегі «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға» сәйкес, Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет ашықтық пен еркіндіктің жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі болып табылады, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың құрамына кіреді, бұл кәсіпкерліктің даму тенденцияларына оң әсерін тигізеді [4].


Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік субъектілерінің динамикасы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік субъектілерінің динамикасы

Кәсіпкерлік субъектілерінің атауы	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны	1 540 592	1 577 747	1 603 839	1 610 496	1 694 672
Ірі кәсіпкерлік субъектілерінің саны	12 385	12 486	13 237	13 362	14 065
Кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы саны	1 552 977	1 590 233	1 617 076	1 623 858	1 708 737

1-кестеге сәйкес, 2022 жылғы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 1,7 млн кәсіпкерлік қызмет субъектісі тіркелген [5]. Қазақстанда кәсіпкерлік субъектілерінің (шағын, орта, ірі) барлық түрлерінің тұрақты түрде саны артып келеді. Дегенмен, өсу қарқыны салыстырмалы түрде төмен болып отыр.

Кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санының динамикасы 3-суретте көрсетілген.



3 – Сурет Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санының серпіні.

3-суретке сәйкес, кәсіпкерліктің максималды сандық өсімі 2022 жылы тіркелді, және ол 1,708,737 субъектіні құрады [6]. Осы кезеңде Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметте өндіріс және қызмет көрсету көлемінің оң үрдістері байқалады.

Шағын және орта кәсіпкерліктегі өндірістің оң тенденциялары 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығару динамикасы, млн. теңге

Кәсіпкерлік субъектілерінің атауы	2018 ж	2019 ж	2020 ж	2021 ж	2022 ж
Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері	2 3 2 4 1 125	2 6 473 049	3 2 386 960	3 3 626 992	4 19 52 637
Ірі кәсіпкерлік субъектілері	2 2 7 9 0 209	27 218 063	29 380 342	27 028 506	3 76 06 243
Кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығару көлемі	4 6 0 3 1 334	53 691 112	61 767 302	60 655 498	79 55 8 880

2-кестеге сәйкес, ірі кәсіпкерлік саласында 2019–2022 жылдар аралығында өндірістік-шаруашылық қызметтің жеңіл циклділігі байқалды. Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік қызмет көрсету саласымен, өңдеу өнеркәсібіндегі шағын өндірістермен, колөнер өндірістерімен, шаруа және фермер қожалықтарымен кеңінен ұсынылған.

Кәсіпкерлік қызметтің ірі секторы тау-кен және өңдеу өнеркәсібі, сондай-ақ энергетикалық кешен сияқты салаларда жұмыс істейтін қала құраушы кәсіпорындармен сипатталады [7].

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қарқынды дамып келе жатқанына қарамастан, кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін тежейтін көптеген проблемалар бар. Біздің пікірімізше, кәсіпкерлікті дамытудың негізгі жүйелік проблемалары мыналарды қамтиды:


1 Кәсіпкерлік қызмет көбінесе өңдеу өнеркәсібіне, қосылған құны жоғары инновациялық өнімдер өндірісіне шоғырланбаған;

Экономикалық белсенді халық кәсіпкерлік қызмет үшін жалдамалы жұмыс күші ретінде әрекет етеді, бірақ жаңа кәсіпорындар, идеялар, фирмалар мен компанияларды құруға қатыспайды;

3 Кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігінің деңгейі төмен[8].

Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет тек адам мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандырумен шектелмей, сонымен қатар әлеуметтік саланы, ел мәдениетін және жалпы өркениетті дамытуға бағытталған. Бұл кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігінің қазіргі тенденцияларын зерттеуді өзекті етеді. Сондықтан туындайтын мәселелерді шешу және кәсіпкерлікті қолдау елдің басым бағыттарының бірі болып табылады [9].

Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметтің негізгі мәселелері 4-суретте көрсетілген.



4 – Сурет – Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметтің негізгі мәселелері

Кәсіпкерлікті тұрақты түрде қолдау – кез келген мемлекеттің мемлекеттік саясатының басымдылығы. Осыған байланысты, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды жетілдіру үшін мынадай ұсынымдар орынды деп санаймыз (5-сурет):

– кәсіпкерлердің мемлекеттік қолдау туралы хабардар болу деңгейін арттыру;

– шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы аясында қолданыстағы қаржылық және қаржылық емес қолдау құралдары арқылы цифрландыруды енгізу мен пайдалануға ынталандыру.



5 – Сурет – Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды жетілдіру жөніндегі ұсынымдар

Біздің пікірімізше, кәсіпкерлікті қолдау шаралары қаржылық және қаржылық емес компоненттерді теңгерімді түрде қамтуы қажет. Белгісіздік жағдайында мемлекеттік қолдау тәсілдерін іске асырудың маңызды критерийі – жедел мерзімде қызмет көрсету мүмкіндігі. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау шаралары экономикалық саясаттың нақты мақсаттарына негізделіп, жүйелі болуы, сондай-ақ дамудың ұзақ мерзімді басымдықтарын ескеруі тиіс [10].

Қорытынды

Кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ететін бизнесті ынталандырудың тиімді мемлекеттік жүйесін ескере отырып, қазіргі таңда елде кәсіпкерлік қызметті әрі қарай дамыту үшін Қазақстанның стратегиялық даму мақсаттарына сәйкес келетін барлық қажетті жағдайлар жасалуда. Кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларының тиімділігінің арқасында кәсіпорындардың іскерлік ортасы мен инфрақұрылымының жұмыс істеуі мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар қамтамасыз етіледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Calabrese, R. Financial fragmentation and SMEs' access to finance/ R.Calabrese, C.Girardone, A.Sclip [Текст] //Small Business Economics. – 2021. – Т. 57. – Р. 2041-2065. 10.1007/s11187-020-00393-1

2 Малое и среднее предпринимательство в Республике Казахстан. [Электронный ресурс]. – <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>

3 Социальные программы социальной ответственности бизнеса. Деловой журнал «Устойчивый бизнес» [Электронный ресурс]. – <https://csrjournal.com/187-socialnye-programmy-socialnoj-otvetstvennosti.html>.

4 Список казахстанских компаний (корпораций). [Электронный ресурс]. – <https://kase.kz/ru/issuers/>

5 **Майданевич, Ю. П., Бедрик, К. А.** Малый бизнес : понятие и преимущества // АНИ : экономика и управление. – 2017. – Т. 6, №2 (19). – С. 177–181.

6 **Thurik, A. R., Stam, E., Audretsch, D. B.** The rise of the entrepreneurial economy and the future of dynamic capitalism [Text] // Technovation. – 2013. – № 8-9. – P. 302–310. – <https://doi.org/10.1016/j.technovation.2013.07.003>.

7 **Marcum, T. M., Blair, E. S.** Entrepreneurial decisions and legal issues in early venture stages : Advice that shouldn't be ignored [Text] // Business Horizons. – 2011. – №. 2 – P. 143–152.

8 **Audretsch, D., Colombelli, A., Grilli, L., Minola, T., Rasmussen, E.** Innovative start-ups and policy initiatives [Text] // Research Policy. – 2020. – №. 10. – P. 104027.

9 ҚР-ның Ұлттық статистика бюросы. Ұлттық шоттар статистикасы. [Электрондық ресурс]. – URL: – <https://stat.gov.kz/api/iblock/element/5284/file/kk/> (қаралған күні 10.06.2023)

10 **Urbano, D., Audretsch, D., Aparicio, S., Noguera, M.** Does entrepreneurial activity matter for economic growth in developing countries? The role of the institutional environment [Text] // International Entrepreneurship and Management Journal. – 2020. – № 3. – P. 1065–1099. <https://doi.org/10.1007/s11365-019-00621-5>.

REFERENCES

1 **Calabrese, R.** Financial fragmentation and SMEs' access to finance/ R.Calabrese, C.Girardone, A.Sclip [Текст] //Small Business Economics. – 2021. – Т. 57. – P. 2041-2065. 10.1007/s11187-020-00393-1

2 Maloe i srednee predprinimatel'stvo v Respublike Kazakhstan [Small and medium-sized entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. – <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>

3 Sotsial'nyye programmy sotsial'noy otvetstvennosti biznesa. Delovoy zhurnal «Ustoychivyy biznes [Social programs for social responsibility of business. Business magazine «Sustainable Business»] [Electronic resource]. – <https://csrjournal.com/187-socialnye-programmy-socialnoj-otvetstvennosti.html>.

4 Spisok kazakhstanskikh kompanij (korporacij) [List of Kazakhstani companies (corporations)]. [Electronic resource]. – <https://kase.kz/ru/issuers/>

5 **Maydanevich, Yu. P., Bedrik, K. A.** Malyy biznes : ponyatiye i preimushchestva // ANI: ekonomika i upravleniye. [Small business : concept and advantages] [Text] // ANI : economics and management. – 2017. – Т. 6. – No. 2 (19). – P. 177–181.

6 **Thurik, A. R., Stam, E., Audretsch, D. B.** The rise of the entrepreneurial economy and the future of dynamic capitalism [Text] // Technovation. – 2013. – № 8-9. – P. 302–310. – <https://doi.org/10.1016/j.technovation.2013.07.003>

7 **Marcum, T. M., Blair, E. S.** Entrepreneurial decisions and legal issues in early venture stages : Advice that shouldn't be ignored [Text] // Business Horizons. – 2011. – №. 2 – P. 143–152.

8 **Audretsch, D., Colombelli, A., Grilli, L., Minola, T., Rasmussen, E.** Innovative start-ups and policy initiatives [Text] // Research Policy. – 2020. – № 10. – P. 104027.

9 QR-nyń Ulttyq statistika býrosy. Ulttyq shottar statistikasy [National Bureau of Statistics of the Republic of Kazakhstan. National accounts statistics]. [Elektronдық resurs]. – URL: – <https://stat.gov.kz/api/iblock/element/5284/file/kk/> (qaralǵan kúni 10.06.2023)

10 **Urbano, D., Audretsch, D., Aparicio, S., Noguera, M.** Does entrepreneurial activity matter for economic growth in developing countries? The role of the institutional environment [Text] // International Entrepreneurship and Management Journal. – 2020. – № 3. – P. 1065–1099. <https://doi.org/10.1007/s11365-019-00621-5>.

10.10.24 ж. баспаға түсті.

21.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

11.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

А. Б. Заманбекова¹, К. Б. Давлеткалиева², Г. Б. Молдабекова³,
А. Т. Мелекова⁴, А. А. Тапалова⁵

¹Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана Республика Казахстан, г. Алматы

^{2,3}Казахско-Русский Международный университет,
Республика Казахстан, г. Актобе

^{4,5}Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени
Жангир хана, Республика Казахстан, г. Уральск

Поступило в редакцию 10.10.24

Поступило с исправлениями 21.01.25

Принято в печать 11.02.24

ПОДДЕРЖКА И РАЗВИТИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Предпринимательство-основа устойчивого гражданского общества, от его развития зависит благополучие всех казахстанцев.

Предпринимательство не только играет огромную социальную роль, поддерживая экономическую активность большей части населения, но и создает новые рабочие места и обеспечивает значительные налоговые поступления в бюджет. В сложившейся сложной ситуации в качестве стабилизатора может выступать предпринимательство, поэтому вправе рассчитывать на соответствующее внимание общества и государства.

Главная задача любого государства - добиться экономического роста. Устойчивый рост экономики напрямую зависит от доли малых и средних предприятий в народном хозяйстве.

Основная цель исследования-проведение анализа государственной поддержки предпринимательской деятельности в Казахстане.

Авторы рассмотрели современное состояние и проблемы государственной поддержки предпринимательской деятельности в Казахстане.

Также авторами проведен анализ динамики развития субъектов малого и среднего предпринимательства и субъектов частного предпринимательства, зарегистрированных в Казахстане. В заключение авторами были предложены приоритетные направления стимулирования и поддержки субъектов предпринимательства в Казахстане, даны параметры развития предпринимательства в Республике Казахстан.

Ключевые слова: предприниматель, экономика, государственная поддержка, предпринимательская деятельность, рынок.

*A. Zamanbekova¹, K. Davletkaliyeva², G. Moldabekova³, A. Melekova⁴,
A. Tapalova⁵*

¹Kazakh Ablai Khan University of International Relations
and World Languages JSC Republic of Kazakhstan, Almaty

^{2,3}Finance Kazakh-Russian International University,
Republic of Kazakhstan, Aktobe

^{4,5}Zhangir Khan University, Republic of Kazakhstan, Uralsk

Received 10.10.24

Received in revised form 21.01.25

Accepted for publication 11.02.25

SUPPORT AND DEVELOPMENT OF ENTREPRENEURSHIP IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Entrepreneurship is the foundation of a sustainable civil society, and the well-being of all Kazakhstanis depends on its development.

Entrepreneurship not only plays a huge social role, supporting the economic activity of most of the population, but also creates new jobs and provides significant tax revenues to the budget. In the current difficult situation, entrepreneurship can act as a stabilizer, therefore it has the right to count on the appropriate attention of society and the state. The main task of any state is to achieve economic growth.

The main purpose of the study is to analyze the state support for entrepreneurial activity in Kazakhstan. The authors examined the current state and problems of state support for entrepreneurial activity in Kazakhstan. The authors also analyzed the dynamics of the development of small and medium-sized businesses and private businesses registered in Kazakhstan.

In conclusion, the authors proposed priority areas for stimulating and supporting business entities in Kazakhstan, and gave parameters for the development of entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: entrepreneur, economy, government support, entrepreneurial activity, market.

Теруге 03.03.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,04 Mb RAM

Шартты баспа табағы 17,4

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4359

Сдано в набор 03.03.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.

Электронное издание

5,04 Mb RAM

Усл.п.л. 17,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4359

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz

www.vestnik-economic.tou.edu.kz